

«Алтын қақпа» зияткерлік ойыны «Golden gates» intellectual game

Ойынның мақсаты: оқушылардың салт-дәстүр бойынша білім қабілеттерін тексеру, тапқырлықты дамыту, қабілетті және дарынды балаларды қолдау, ұйымшылдыққа, жеңімпаз, озық болуға тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ – жауап

Көрнекілік: интерактивті тақта, нақыл сөздер

Ойын барысы

Ұйымдастыру.

Мұғалім: Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Hello everybody!

Ойынның шартымен таныстыру:

Ойын шарты бойынша әр қақпаның үш сұрағы болады, ойыншы өз қалауы бойынша біреуін таңдап алады, дұрыс жауап берсе, келесі қақпаны ашуға жолдама алады, егер үш қақпаның сұрағына дұрыс жауап берген жағдайда, Алтын сандықты ашып, сұрағына жауап берсе, сыйлық алады.

Жүргізуші:

- Еуразия құрылығының нақ жүрегіндегі шетсіз – шексіз, биік таулар мен далада, мыңжылдық көлдер аралығында көшпенділер ортасында өзіндік ерекшелігі бар, табиғатты қадір тұтатын айрықша мәдениет өмірге келді. Ол мәдениет моңғол мен түрік халықтары мәдениетінің қосындысынан пайда болып, кейінірек ислам және парсылық дүниетаным әсерімен байи түсті. Ол кезде қазіргі Қазақстан мемлекеті болмаған еді. «Еркін» деген ұғымды білдіретін, «қазақ» атауының өзі XIV – XV ғасырларда пайда болды. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілердің мұрагері болып табылады. Бүгінгі біздің «Алтын қақпа» ойынымыз осы Қазақстан мәдениетіне арналады. Ойын 3 қақпадан тұрады.

1 – қақпа. «Тас қақпа» Stone gate

2 – қақпа. «Күміс қақпа» Silver gate

3 – қақпа. «Алтын қақпа» және «Алтын сандық» Golden gate

Үш қақпаны ашқан топ «Алтын сандық» қақпаның сұрақтарына жауап беріп жеңімпаз атанады.

Жалпылама сұрақтар.

1. Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі тайпалар. (сақтар, ғұндар, үйсіндер т.б.)

3. 100 жыл жасаған айтыскер – ақын (Ж.Жабаев)

4. Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды? (1991 ж)

5. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне нелер жатады және оларды қашан қабылдадық? (ту, елтаңба, әнұран 1992 жылы қабылдадық).

6. Қазақстанның даму стратегиясы жазылған бағдарлама? (Қазақстан - 2030)

7. Қазақстанның ұлттық валютасы қашан айналымға енді? (15 қараша, 1993 жылы)

«Тас қақпа» сұрақтары (параққа жауаптарын жазып отырсын, уақыт бер 30 секунд)

1. «Адамзат қоғамының шежіресі» деген не? (Тарих - History)
2. XIX – XX ғасырларда өмір сүрген әнші – сазгерлерді атаңдар. (Жаяу Мұса, Ақан сері, Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев, Әсет Найманбаев- Zhayau Musa, akan Seri, Kenen azirbayev, amire Kashaubaev, Aset Naimanbaev)
3. XX ғасырда Қазақстанның астанасы болған қалаларды атаңдар. (Орынбор, Қызылорда, Алматы, Ақмола - Orynbor, Kyzylorda, Almaty, Akmola)

«Күміс қақпа» сұрақтары

1. Қазақ әліпбиін құрастырған қазақ зиялысы. (А.Байтұрсынұлы - A. Baitursynuly)
2. XIV – XV ғасырдағы сәулет өнеріндегі ерекше туындыны атаңдар. (Ахмет Йассауи кесенесі - mausoleum Ahmet Yassauï)
3. 13 жасында араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін меңгеріп, Шығыс классиктерінің шығармаларын оқыған. Есімі бүкіл әлемге белгілі. Бұл кім? (А.Құнанбайұлы- A. Kunanbaiuly)

«Алтын қақпа» сұрақтары

1. Қазақ тарихындағы тұңғыш көркем фильм қалай аталады? («Амангелді» Amangeldi)
 2. Қазақтың театр өнері тұңғыш рет кімнің, қандай шығармадан басталған? (1962 ж. қызылорда қаласында М.Әуезовтің «Еңлік - Кебек» спектаклінен басталды) Enlik- Kebek
 3. Үш қазық, е кі желі, тоғыз нөқта
Үздігіп тербеледі адам соқса.
Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен,
Не пайда үндемейді адам жоқта. (Домбыр - Dombura)
- Жеңген топ «Алтын сандық» сұрақтарына жауап береді.

«Алтын сандық» сұрақтары

1. Қолданбалы сән ескерткіштерінің бірегейі. Ол біздің күнімізге дейін жеткен көшпенділер сәулетінің үлгісі. (Киіз үй- Yurt)
2. Қазақтың әдет – ғұрыптық фольклорын ата. («Жар - жар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Бесік жыры» «Jar – jar» , «Besik zhyru» etc.)

Қорытынды. Өзінің таным-түсінігімен, білімпаздығымен, алғырлығымен жеңіп алған”Алтын қақпа” зияткерлік ойынның жеңімпазы тобын жеңістерімен құттықтаймыз.

Excellent! The game was great! Good bye!
Thank you for your attention !